

**«БВ02301-Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» білім беру бағдарламасы бойынша «Мамандыққа кіріспе» пәнінің емтихан бағдарламасы**

**Өткізу түрі:** жазбаша, дәстүрлі

Платформа: UNIVER АЖ жүйесі

**Формат:** Онлайн

**Емтихан бағдарламасының мазмұны:**

Теориялық бөлігі:

Мамандыққа кіріспе пәні бойынша аналитикалық талдау қабілетін қалыптастыру

**Тапсырма:**

1. Шетел филологиясының шығу тегі мен даму тарихын зерттеудің негізгі парадигмасы мен әдіснамасынан берілген теориялық сұрақтарға жауап беру.
2. Шетел филологиясының тұжырымдарын меңгеру және ойымен бөлісу.
3. Қытай тілдеріне жататын тілдік топтарды классификациялауды және олардың қалыптасу тарихын меңгеру.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

1. Теориялық тапсырмада тіл білімінің қатысты сұрақтар бойынша сипаттау, түсіндіру, талдау қажет. Семинар тапсырмалар бойынша студенттерге тіл тарихынан түсінік оқыту және жалпы лингвистикалық, грамматикалық білім беру және жүйелеу.
2. Тіл білімінің жаңа ғылымдар мен қоғамдық пәндердің байланысы (әлеуметтік лингвистика, нейролингвистика, психолінгвистика, лингвокриминалистика, этнолингвистика, т.б.). Тапсырманы орындауда тарихи-салыстырмалы, салғастыру, анализ бен синтез, индукция, дедукция, гипотетикалық-дедуктивтік, тұжырымдау әдістерін қолдану.

Әдебиеттер тізімі:

1. Д. Мәсімқан, Қытай филологиясына кіріспе. – Алматы, «Қазақ университеті», 2011 ж.
2. 中级写作教程。北京语言大学 出版社。2018 年
3. С.В. Шарко. Практический курс грамматики китайского языка. Нобель Пресс, 2019-218 с.
4. 常用汉语部首。华语教学 出版社。2017 年
5. 初级口语。北京语言大学 出版社。2016 年

**ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат**

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру). -«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан- жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру; -«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру; -«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру; -«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.

### **БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:**

- 1 Блок бойынша – макс. 30 балл
  - 2 Блок бойынша – макс. 30 балл
  - 3 Блок бойынша - макс. 40 балл
- Барлығы - 100 балл